

2025-2026 оқу жылының 1 жартыжылдығы бойынша педагог-психолог жұмысының талдау есебі

Педагог-психолог қызметінің **мақсаты**: -білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған.

Міндеттері:

- 1.Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2.Оқу процесінде баланың психологиялық- педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3.Білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;

Бағыттар бойынша педагог-психолог қызметінің нәтижесі:

Диагностикалық бағыт

1 және 5 сынып оқушыларының бейімделуі бойынша есебі.

1-сынып бейімделу диагностикасы

«Керн-Йирасек» тесті

- 1)Адамның суретін салу
- 2)Сөздеркөшірмесі
- 3)Нүктелеркөшірмесі

Қорытынды:

1 «А» сынып бойынша 5 оқушы қатысты.

Мектепке бейімделуі жақсы: 4оқушы

Мектепке бейімделуі орташа: 1 оқушы.

1 «Б» сынып бойынша барлығы 10 оқушы.

Қатысқаны:10

Мектепке бейімделуі жақсы: 5 оқушы .

Мектепке бейімделуі орташа: 1 2оқушы.

Мектепке бейімделуі төмен: 2 оқушы.

Ұсыныс: анықталған орташа және орташадан төмен оқушылармен қосымша сынып жетекшімен бірлесе отырып сабақтар өткізді. Мектепке дайындығы орта және таным процестері төмен оқушылармен сынып жетекші қосымша жұмыстар және ата-анасымен тығыз байланыста жұмыс жасалынды. Психолог тарапынан үнемі оқушылармен әңгіме ,сұхбат жүргізіліп, кеңестер беріп отырылады.

Мектепке бейімделуі төмен 2 оқушы мектепшілік психологиялық қызметтің кеңесуі нәтижесінде **ПМпк ға** жіберілді.

Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу бойынша ;

Жүргізілген әдістеме:

«Оқу мотивациясын анықтау» Лусканов әдістемесі

Қорытынды:

5 «А» сыныпта барлығы 3 оқушы.

Диагностика нәтижесі бойынша 3 оқушының да бейімделуі жақсы.

5 «Б» сыныпта барлығы 10 оқушы.

Бейімделуі жақсы 8 оқушы.

Бейімделуі орташа 2 оқушы.

Жалпы сыныптағы психологиялық ахуал қолайлы, бейімделу үдерісі сәтті өтуде.

Кейбір оқушыларға (жеке аты-жөндері бойынша) эмоционалды тұрақтылық пен өзін-өзі реттеу қабілеттерін дамыту бағытында қосымша психологиялық қолдау жұмыстары ұсынылады.

Ұсыныстар:

Сынып ұжымын қалыптастыруға бағытталған тренингтер өткізу;

Оқушылардың өзіндік бағасын және сенімділігін арттыру жаттығуларын жалғастыру;

2. 5–11 сынып оқушыларынан алынған Д. Олвеустің «Буллинг» сауалнамасының нәтижесі

Мектепте 5–11 сынып оқушылары арасында Д. Олвеустің «Буллинг» тақырыбындағы сауалнамасы жүргізілді. Зерттеу жұмысының мақсаты – оқушылар арасындағы қарым-қатынас деңгейін, буллингтің (қорлаудың) алдын алу жағдайын анықтау болды.

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, оқушылардың басым көпшілігі мектепте өздерін қауіпсіз сезінетінін және сыныптастары тарапынан жағымды қарым-қатынас байқалатынын көрсетті. Буллингке ұшырау немесе басқаға әдейі зиян келтіру жағдайлары тіркелмеді.

Жалпы нәтиже **жақсы** деп бағаланды: мектеп ұжымында өзара сыйластық, қолдау және сенімді ахуал қалыптасқан.

3. «Өркен» әзірлеген зорлық-зомбылықты анықтау бойынша экспресс-сауалнама нәтижесі

Қамтылған сыныптар: 2–4 және 5–11 сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушылардың өз ортасындағы қауіпсіздік деңгейін анықтау және зорлық-зомбылық белгілерін анықтау.

Өткізу барысы:

Мектепте 2–4 және 5–11 сынып оқушылары арасында «Өркен» әзірлеген зорлық-зомбылықты анықтау бойынша экспресс-сауалнама жүргізілді. Сауалнама анонимді түрде өткізілді, оқушылар өз пікірлерін еркін білдіру мүмкіндігіне ие болды.

Нәтижесі:

Сауалнама нәтижесіне сәйкес, оқушылардың көпшілігі мектепте өздерін қауіпсіз сезінетінін және сыныптастары мен мұғалімдерімен қарым-қатынастарының негізінен оң сипатта екенін көрсетті. Дегенмен, жекелеген жағдайларда түсінбеушілік, келіспеушілік және жағымсыз эмоциялар байқалатыны анықталды.

Жалпы көрсеткіш **орташа деңгейде** деп бағаланды. Бұл мектеп ұжымында зорлық-зомбылықтың алдын алу, өзара сыйластық пен сенім атмосферасын нығайту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін көрсетеді.

Қорытынды:

Сауалнама нәтижесі бойынша мектепте жалпы психологиялық ахуал қанағаттанарлық деңгейде. Болашақта зорлық-зомбылықтың кез келген түрінің алдын алу мақсатында ата-аналармен және педагогтармен бірлескен профилактикалық іс-шараларды жалғастыру ұсынылады.

4. «Адамдары бар ағаш» проективті әдістемесі бойынша зерттеу

Қамтылған сыныптар: 2–4 сынып оқушылары

Мақсаты: Оқушылардың эмоционалдық күйін, өз-өзіне және қоршаған ортаға қатынасын, сондай-ақ сыныптағы психологиялық ахуалды анықтау.

Өткізу барысы:

2–4 сынып оқушылары арасында Д. Ламппен мен Л.П. Пономаренконың бейімделген нұсқасы бойынша «Адамдары бар ағаш» проективті әдістемесі жүргізілді. Зерттеу барысында балаларға ағаштың суретін салып, онда адамдарды өз қалаулары бойынша орналастыру тапсырылды.

Нәтижесі:

Суреттерді талдау нәтижесінде оқушылардың басым көпшілігінде эмоционалдық жағдайының тұрақты екені, өз-өзіне сенімділігі мен айналасындағы адамдарға жағымды қарым-қатынас байқалды. Кейбір балаларда шаршаңқылық пен ұялшақтық белгілері байқалғанымен, жалпы сынып ұжымында өзара қолдау мен сенім атмосферасы қалыптасқан.

Жалпы қорытынды бойынша психологиялық ахуал **жақсы** деп бағаланды.

Қорытынды:

2–4 сынып оқушыларының бейімделу деңгейі қалыпты, мектептегі эмоционалды орта қолайлы. Алдағы уақытта оқушылардың өзін-өзі бағалауын, өзара қарым-қатынастарын дамытуға бағытталған тренингтер мен ойын сабақтарын жалғастыру ұсынылады.

Түзету-дамыту бағыты

«Біз жаңа достармыз» тақырыбында 5 «Б» сынып оқушыларына арналған тренинг өткізілді.

06.10.2025жыл

Қатысты: 8

Болған жоқ: 2

Мақсаты: 5-сынып оқушыларының жаңа мектеп ортасына бейімделуіне көмектесу; Балалардың бір-бірімен танысуына, достық қарым-қатынас орнатуына жағдай жасау; Сыныпта мейірімді және сенімді атмосфера қалыптастыру.

Міндеттері:

Оқушылардың өзара танысуына және бір-бірін жақсырақ тануына ықпал ету;

Достық қарым-қатынас пен өзара сыйластықты дамыту;

Ұжымда жағымды психологиялық ахуал орнату;

Қарым-қатынас мәдениетін, бір-бірін тыңдау және қолдау дағдыларын қалыптастыру;

Оқушылардың жаңа ортаға бейімделу деңгейін арттыру және өз-өзіне сенімділігін нығайту.

Тренингтің барысы

1. Ұйымдастыру:

2. Психологиялық көңіл-күй орнату: «Қуаныш шеңбері»

3. Танысуға арналған жаттығулар (15 минут)

4. «Атомдар мен молекулалар» ойыны

Негізгі бөлім.

5. «Күннің сәулелері» жаттығуы

6. «Сиқырлы жіп» жаттығуы

Қорытынды

7. «Тілектер ағашы»

8. Рефлексия:

Талдау:

«Біз – жаңа достармыз!» тақырыбындағы психологиялық тренингке 8 оқушы қатысты. Оқушылар белсенділік танытып, ойындар мен жаттығуларға қызығушылықпен қатысты. Тренинг барысында балалардың бір-бірімен өзара танысуы, қарым-қатынасы мен ынтымақтастығы байқалды. Оқушылар ашық сөйлесіп, өз ойларын еркін білдіріп, жаңа ортада өзін сенімді ұстауға тырысты. Топтық жаттығулар арқылы бір-біріне қолдау көрсету, бірлесе жұмыс жасау дағдылары дамыды.

Қорытынды:

Тренинг өз мақсатына жетті. 5-сынып оқушыларының жаңа оқу ортасына бейімделу деңгейі артты, өзара достық қарым-қатынас орнады. Сыныпта жылы, сенімді және жағымды психологиялық ахуал қалыптасты.

Ұсыныс:

Осындай ұжымдық және сергіткіш тренингтерді жүйелі түрде өткізу;

Әр оқушының жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, топтық қарым-қатынасты дамыту;

Балалардың бір-біріне қолдау көрсетуін және өзара түсіністігін нығайту бағытында ойын және коммуникативтік жаттығуларды жалғастыру.

1 «А» -сынып оқушыларына арналған тренинг

Тақырыбы: «Мектеп – менің екінші үйім»

29.09.2025ж

Қатысты: 5 оқушы

Болған жоқ: –0

Мақсаты:

1-сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне көмектесу, мектепке деген жағымды көзқарас қалыптастыру, қорқыныш пен уайым сезімін азайтып, достық қарым-қатынас орнату.

Міндеттері:

Оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнату;

Мектеп өміріне бейімделуін жеңілдету;

Топтық ойындар арқылы өзара қолдау сезімін дамыту;

Мектепке деген жағымды эмоциялық көзқарас қалыптастыру.

Тренинг барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Психолог оқушылармен жылы амандасып, «Шаттық шеңбері» жаттығуын өткізді. Балалар бір-біріне жылы лебіздерін айтып, жақсы көңіл күй қалыптастырды.

2. Бейнеролик қарау:

«Мектепке қош келдіңдер!» атты қысқа видеоролик көрсетілді. Балалар өз әсерлерімен бөлісіп, мектептің жақсы жақтарын атады.

3. Танысу ойыны «Бұл кім?»

Оқушылар өз аттарын және сүйікті істерін айтып, бір-бірімен жақынырақ танысты.

4. «Мектеп – менің екінші үйім» сурет салу жаттығуы:

Балалар түрлі түсті қарындаштармен мектеп, достар және мұғалім туралы сурет салып, өз жұмыстарын таныстырды.

5. «Жақсы іс» ойыны:

Балалармен бірге мектептегі жақсы және жаман әрекеттер талқыланды.

Оқушылар өз көңіл-күйлерін стикерлер арқылы көрсетті: мектеп ұнаса – күнге, қиын болса – бұлтқа жабыстырды.

7. Рефлексия:

«Достық шеңбері» жаттығуы арқылы тренинг қорытындыланды. Балалар бір дауыспен «Біз біргеміз!», «Біз мектеп оқушысымыз!» деп айтты.

Талдау:

Оқушылар тренингке белсенді қатысты. Көпшілігі мектепке бейімделу кезеңінен сәтті өтіп жатқанын көрсетті. Балаларда ашықтық, достық сезімі және бір-біріне деген сыйластық байқалды. Көңіл-күйі жоғары, қорқыныш немесе ұайым белгілері анықталған жоқ.

Қорытынды:

Тренинг өз мақсатына жетті. Оқушылар ұжымда бір-бірімен еркін қарым-қатынас орната алды, мектепке деген қызығушылығы артты, өзіне сенімділік пайда болды.

Ұсыныстар:

Бейімделу кезеңінде бірінші сынып оқушыларымен аптасына бір рет психологиялық ойын және сергіту сәттерін жалғастыру;

Мұғалімдер мен ата-аналарға балаларды мадақтау мен қолдауды арттыруды ұсыну.

1 «Б» -сынып оқушыларына арналған тренинг

Тақырыбы: «Мектеп – менің екінші үйім»

29.09.2025ж

Қатысты: 10 оқушы

Болған жоқ: –0

Мақсаты:

1-сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне көмектесу, мектепке деген жағымды көзқарас қалыптастыру, қорқыныш пен ұайым сезімін азайтып, достық қарым-қатынас орнату.

Міндеттері:

Оқушылар арасында жылы қарым-қатынас орнату;

Мектеп өміріне бейімделуін жеңілдету;

Топтық ойындар арқылы өзара қолдау сезімін дамыту;

Мектепке деген жағымды эмоциялық көзқарас қалыптастыру.

Тренинг барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Психолог оқушылармен жылы амандасып, «Шаттық шеңбері» жаттығуын өткізді. Балалар бір-біріне жылы лебіздерін айтып, жақсы көңіл күй қалыптастырды.

2. Бейнеролик қарау:

«Мектепке қош келдіңдер!» атты қысқа видеоролик көрсетілді. Балалар өз әсерлерімен бөлісіп, мектептің жақсы жақтарын атады.

3. Танысу ойыны «Бұл кім?»

Оқушылар өз аттарын және сүйікті істерін айтып, бір-бірімен жақынырақ танысты.

4. «Мектеп – менің екінші үйім» сурет салу жаттығуы:

Балалар түрлі түсті қарындаштармен мектеп, достар және мұғалім туралы сурет салып, өз жұмыстарын таныстырды.

5. «Жақсы іс» ойыны:

Балалармен бірге мектептегі жақсы және жаман әрекеттер талқыланды.

Оқушылар өз көңіл-күйлерін стикерлер арқылы көрсетті: мектеп ұнаса – күнге, қиын болса – бұлтқа жабыстырды.

7. Рефлексия:

«Достық шеңбері» жаттығуы арқылы тренинг қорытындыланды. Балалар бір дауыспен «Біз біргеміз!», «Біз мектеп оқушысымыз!» деп айтты.

Талдау:

Оқушылар тренингке белсенді қатысты. Көпшілігі мектепке бейімделу кезеңінен сәтті өтіп жатқанын көрсетті. Балаларда ашықтық, достық сезімі және бір-біріне деген сыйластық байқалды. Көңіл-күйі жоғары, қорқыныш немесе уайым белгілері анықталған жоқ.

Қорытынды:

Тренинг өз мақсатына жетті. Оқушылар ұжымда бір-бірімен еркін қарым-қатынас орната алды, мектепке деген қызығушылығы артты, өзіне сенімділік пайда болды.

Ұсыныстар:

Бейімделу кезеңінде бірінші сынып оқушыларымен аптасына бір рет психологиялық ойын және сергіту сәттерін жалғастыру;

Мұғалімдер мен ата-аналарға балаларды мадақтау мен қолдауды арттыруды ұсыну.

8 «Б» сынып оқушыларына тренинг өткізілді.

Тақырыбы: «Твоя жизнь — в твоих руках!»

(Аутоагрессивтік мінез-құлықтың алдын алу және позитивті ойлауды дамыту)

09.10.2025ж

Қатысты: 16 оқушы

Болған жоқ: 2 оқушы

Мақсаты:

Оқушыларды аутоагрессия (өзін-өзі деструктивті мінез-құлық) ұғымымен таныстыру, жағымсыз мінез-құлықтың салдарын түсіндіру, позитивті ойлау мен өзін-өзі қолдау дағдыларын дамыту.

Міндеттері:

Оқушыларға аутоагрессияның түрлері мен белгілерін түсіндіру;

Өз-өзіне және өзгеге деген жағымды көзқарасты қалыптастыру;

Позитивті ойлау мен өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту;

Қиын жағдайда көмек сұраудың маңыздылығын үйрету;

Коммуникация мен топтық жұмыс қабілеттерін жетілдіру.

Тренинг барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі – “3 нәрсе, мені қуантатын” (5 мин)

Оқушылар шеңберге тұрып, өз аттарын және өздеріне қуаныш сыйлайтын үш нәрсені атады. Жылы эмоционалды атмосфера қалыптасты.

2. Мозговой штурм – “Аутоагрессия дегеніміз не?” (5 мин)

Оқушылар өз пікірлерін айтып, психолог аутоагрессивтік мінез-құлықтың мәнін түсіндірді.

3. Ойын: “Қауіпті аймақ – Қауіпсіз аймақ” (10 мин)

Оқушылар берілген карточкалар бойынша іс-әрекеттерді “қауіпті” және “қауіпсіз” аймақтарға бөлді, өз таңдауларын түсіндірді.

4. Топтық жұмыс – “Позитивті ойлау қаласы” (15 мин)

Оқушылар шағын топтарда «Позитивті ойлау қаласын» жасап, оған «Надежда көпірі», «Достық саябағы», «Өзін-өзі сендіру мектебі» сияқты атаулар берді.

5. Рөлдік ойын – “Таңдау сәті” (10 мин)

Топтар өмірлік жағдаяттарды сахналады және қауіпсіз, дұрыс шешімдерді ұсынды.

6. “Өзіңе хат – Сен бәрін жасай аласың!” (5 мин)

Оқушылар өздеріне мотивациялық хат жазды.

7. Қорытынды шеңбер – “Бүгін мен түсіндім...” (5 мин)

Әр оқушы сабақты “Бүгін мен түсіндім, что...” деп аяқтап, алған әсерлерімен бөлісті.

Талдау:

Оқушылар белсенді қатысып, өз ойларын ашық білдірді. Көпшілігі позитивті ойлау мен эмоцияны басқарудың маңыздылығын түсінді. Сыныпта жылы және сенімді атмосфера қалыптасты.

Қорытынды:

Тренинг өз мақсатына жетті. Оқушылар аутоагрессия ұғымымен танысты, өз сезімдері мен әрекеттеріне жауапкершілікпен қараудың қажеттілігін ұғынды. Позитивті ойлау және өз-өзіне сенімділік дағдылары дамыды.

Ұсыныстар:

8-сынып оқушыларымен эмоционалды тұрақтылықты дамытуға бағытталған тренингтерді жалғастыру;

Сынып жетекшісіне – оқушылардың психологиялық жағдайын бақылауда ұстау;

Ата-аналарға – балаларымен ашық әңгімелесу мен қолдау көрсету жөнінде кеңес беру.

5 «А» сынып оқушыларына тренинг өткізілді.

Тақырып бойынша: 5-сынып оқушыларына арналған тренинг

Тақырыбы: *«Бірінші рет 5-сыныпта!»*

10.10.2025ж

Қатысты: 3 оқушы

Мақсаты:

5-сынып оқушыларының жаңа оқу ортасына бейімделуіне көмектесу, достық және өзара түсіністік қарым-қатынасын қалыптастыру, өз-өзіне сенімділікті арттыру.

Тренинг барысы:

1. **Ұйымдастыру кезеңі – “Шаттық шеңбері” (5 мин)**
Оқушылар шеңберге тұрып, бір-біріне жылы лебіздерін білдірді. Психологиялық жағымды ахуал орнады.
2. **Танысу ойыны – “Аттар шеңбері” (5 мин)**
Әр оқушы өз есімі мен сүйікті ісін атады. Балалар бір-бірін жақсырақ тани бастады.
3. **Жаттығу – “Жаңа мектеп, жаңа мен” (10 мин)**
Оқушылар 5-сыныпқа алғаш келгендегі сезімдерімен бөлісіп, стикерлерге жазды. Көпшілігі қуаныш пен қызығушылық сезімін атады.
4. **Ойын – “Достық көпірі” (10 мин)**
Оқушылар жұппен жұмыс жасап, бір-біріне сенім білдіру арқылы достық пен қолдау сезімін қалыптастырды.
5. **Топтық жұмыс – “Біздің ортақ күн” (10 мин)**
Әр оқушы күннің сәулесіне өз атын және сыныпқа не әкеле алатынын жазды (мысалы: мейірім, көмек, күлкі).
6. **Қорытынды – “Жылы сөздер шеңбері” (5 мин)**
Балалар бір-біріне жылы тілектер айтып, тренингтен жағымды әсер алды.

Талдау:

Барлық қатысушы белсенділік танытты. Сыныпта сенімді, жылы атмосфера қалыптасты. Оқушылар жаңа оқу ортасына бейімделудің оң тәжірибесін сезінді.

Қорытынды:

Тренинг өз мақсатына жетті. Оқушылар бір-бірін жақсырақ танып, достық қарым-қатынастың маңыздылығын түсінді. Позитивті көңіл-күй мен өз-өзіне сенімділік артты.

«Мамандықтар әлемі» тақырыбында өткізілген тренинг

Мақсаты: Оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыру, өз қызығушылығы мен қабілеттеріне сәйкес болашақ мамандығын таңдауына көмек көрсету, мамандық әлемі туралы түсініктерін кеңейту.

Қатысушылар: 10-сынып оқушылары

Өткізілген күні: 24.10.2025 ж.

Өткізу барысы:

Тренинг барысында оқушыларға әртүрлі мамандықтар туралы ақпарат беріліп, еңбек нарығындағы сұранысқа ие салалар талқыланды. Қатысушылар өздерінің жеке қасиеттері мен бейімділіктерін анықтауға бағытталған психологиялық жаттығулар мен тапсырмалар орындады.

Тренинг «Мамандықты жүрек қалауымен таңда», «Менің болашақ кәсібім», «Арман мен мақсат» сияқты интерактивті бөлімдерден тұрды. Оқушылар шағын топтарда жұмыс жасап, пікір алмасып, өз көзқарастарын еркін білдірді.

Нәтижесі:

Оқушылар мамандық таңдауда өз қызығушылығы мен қабілеттерін ескеру қажеттігін түсінді. Көпшілігі өз болашағына байланысты нақты жоспарлар құруға ынта білдірді. Сабақ соңында оқушылар тренингтің пайдалы және қызықты өткенін атап өтті.

Қорытынды:

Тренинг нәтижесі бойынша 10-сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығы мен өзін-өзі тануға деген қызығушылығы артты. Алдағы уақытта кәсіби бағдар беру жұмыстары аясында оқушылармен және ата-аналармен бірлескен семинарлар мен кездесулер ұйымдастыру ұсынылады.

«Әкелер клубы» аясында ата-аналарды қолдау мақсатында өткізілген тренинг

Мақсаты: Отбасындағы тәрбие процесінде әкенің рөлін күшейту, ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету және бала тәрбиесінде жауапкершілік пен өзара түсіністікті арттыру.

Қатысушылар: Мектепшілік «Әкелер клубының» мүшелері (ата-аналар)

Өткізу барысы:

Мектепте ата-аналарды психологиялық тұрғыдан қолдау мақсатында «Әкелер клубы» аясында тренингтік жұмыс ұйымдастырылды. Тренинг барысында қатысушылармен жағымды қарым-қатынас орнатуға бағытталған сергіту және топтық жаттығулар

жүргізілді. Сонымен қатар, бала тәрбиесінде әкенің беделі мен үлгісінің маңызы, отбасындағы жылы қарым-қатынастың психологиялық әсері талқыланды.

Тренинг интерактивті форматта өтті: пікірталас, рөлдік ойындар және тәжірибелік тапсырмалар арқылы қатысушылар өз ойларын ашық білдіріп, тәжірибе алмасты. Әкелер өз балаларының мінез-құлқындағы ерекшеліктер мен қиындықтарды талқылап, оларды шешудің тиімді жолдарын қарастырды.

Нәтижесі:

Тренингке қатысқан ата-аналар шараның пайдалы болғанын атап өтті. Қатысушылар отбасындағы өзара түсіністік пен сыйластықты арттыру, балаға мейірім мен қолдау көрсету қажеттілігін түсінді.

Іс-шара нәтижесінде мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық нығайып, «Әкелер клубының» жұмысына деген қызығушылық артты.

Қорытынды:

Өткізілген тренинг ата-аналармен психологиялық жұмыстың тиімділігін арттырды. Алдағы уақытта «Әкелер клубы» отырыстарында бала тәрбиесіндегі әке моделін дамытуға арналған тақырыптық кездесулер мен тәжірибелік сабақтарды жалғастыру ұсынылады.

1 тоқсан бойынша қорытынды:

2025–2026 оқу жылының **1-тоқсаны** бойынша педагог-психологтың жұмысы жоспарға сәйкес толық орындалды.

Мектеп ұжымында жалпы психологиялық ахуал *қолайлы және тұрақты* деп бағаланады. Оқушылардың бейімделу деңгейі жақсы, сыныптарда достық және өзара сыйластық қарым-қатынас орнаған.

Ұсыныстар:

- Түзету-дамыту бағытындағы тренингтер мен ойын сабақтарын жүйелі түрде жалғастыру;
- Оқушылардың өзін-өзі реттеу және эмоцияны басқару дағдыларын дамыту;
- Ата-аналар мен педагогтар арасында балаға психологиялық қолдау көрсету мәдениетін нығайту;
- Кәсіби бағдар беру жұмыстары мен профилактикалық іс-шараларды жалғастыру.

